

Бекітемін
ЖШС «Индира» бөбекжай балабақшасының
меңгерушісі _____ Бейсенова.И.Е

Түркістан облысы Түркістан қаласы
«Индира» бөбекжай балабақшасы
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Өзін-өзі бағалау

2025-2026 оқу жылы

Қазақстан Республикасы
Түркістан облысы, Түркістан қаласы
«Индира» бөбекжай балабақшасы

Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 59-бабының 4-1 тармағына және Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2024 жылғы 07 қарашадағы №1632 бұйрығына сәйкес, 2026 жылға арналған мемлекеттік аттестаттаудан өтетін білім беру ұйымдарының тізімі негізінде «Индира» бөбекжай балабақшасында өзін-өзі бағалау жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында 2026 жылғы қаңтар айындағы №4 бұйрықпен аттестаттау комиссиясы құрылды.

Комиссия құрамы:



Бейсенова И.Е. – балабақша меңгерушісі, комиссия төрайымы



Рашидова Д. – балабақша әдіскері, комиссия мүшесі



Абдураимова С.К.- балабақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі



Молдабек А.- балабақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі

Өзін-өзі бағалау жұмыстарының жоспары бекітіліп, жоспарға сәйкес тиісті жұмыстар жүйелі түрде жүргізілді. Бағаланатын кезеңдер бойынша талдау жасалатын құжаттар толықтай дайындалып, олардың көшірмелері түпнұсқадан сканерленіп, PDF форматында рәсімделіп, ресми сайтқа жүктелді.

Комиссия «Индира» бөбекжай балабақшасы ЖШС-нің соңғы екі жылдағы және ағымдағы жылдың мамыр айына дейінгі оқу-тәрбие процесін зерделеп, білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органдар ұсынған деректермен салыстыра отырып, мекеме қызметінің сандық және сапалық көрсеткіштеріне талдау жасап, қорытынды бағалау ұсынады.

Балабақша туралы жалпы мәлімет



Балабақша атауы: «Индира» бөбекжай балабақшасы



Құрылған жылы: 2017 жыл



Тәрбиеленушілер саны: 132 бала



Меншік түрі: жартылай жекеменшік



Мамандар: логопед маманы қызмет көрсетеді



Жұмыс уақыты: 08:00 – 18:30



Ғимарат жағдайы: жалға алынған ғимарат



Тамақтандыру: 4 мезгіл ыстық тамақ ұйымдастырылған



Электрондық пошта: indira.balabaqshasy@mail.ru



Телефон: 87750490101

«Индира» бөбекжай балабақшасы – балалардың сапалы білім мен саналы тәрбие алуына бағытталған, заман талабына сай жұмыс жүргізетін мектепке дейінгі ұйым.

Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

«Индира» бөбекжай балабақшасы

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі туралы ақпараттық анықтама

№1 Көрсеткіштер Мәліметтер

1. Мектепке дейінгі ұйымның атауы Түркістан облысы, Түркістан қаласы «Индира» бөбекжай балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
2. Білім беру ұйымының орналасқан жері Қ.Р., Түркістан облысы, Түркістан қаласы

Б.Саттарханов №37



3. Заңды тұлғаның байланыс деректері

Телефон: **87750490101**



Электрондық пошта: indira.balabaqshasy@mail.ru

4. Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері Бейсенова И.Е. – балабақша меңгерушісі
5. Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары Заңды тұлға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік тіркеуден өткен.
6. Рұқсат беру құжаттары Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асыруға сәйкес хабарлама берілген.
7. Құрылған жылы 2017 жыл
8. Ғимарат түрі Жалдау негізіндегі ғимарат
9. Топтар саны 6 топ
10. Балаларды оқыту тілі Қазақ тілі,
11. Жұмыс аптасының ұзақтығы 5 күндік
12. Жұмыс уақыты 08:00 – 18:30
13. Ұйымдастырылған іс-әрекет ұзақтығы Кіші топ – күні бойы, Орта топ – күні бойы, Ересек топ – күні бойы, МАД тобы – күні бойы.
14. МДҰ жобалық әлеуеті Балабақша 132 балаға арналған

Балабақша туралы жалпы мәлімет

«Индира» бөбекжай балабақшасы – мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында сапалы білім мен саналы тәрбие беруді мақсат еткен заманауи білім беру ұйымы. Балабақшада балалардың жан-жақты дамуына, қауіпсіз әрі жайлы ортада тәрбиеленуіне барлық жағдай жасалған.

Балабақша 2017 жылдан бастап жұмыс жасап келеді. Мекемеде 132 тәрбиеленуші білім және тәрбие алады. Оқу-тәрбие жұмыстары мемлекеттік қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі. Сонымен қатар, балалардың тілдік дамуына қолдау көрсету мақсатында логопед маманы қызмет көрсетеді.

Балабақша аптасына 5 күн жұмыс істейді. Жұмыс уақыты таңғы 08:00-ден кешкі 18:30-ға дейін. Тәрбиеленушілерге күніне 4 мезгіл ыстық тамақ ұйымдастырылған.

Материалдық-техникалық базасы

Балабақша ғимараты балалардың жас ерекшеліктеріне сай жабдықталған. Әр топта:



жеке ойын бөлмесі;



демалыс бөлмесі;



тамақтану аймағы;



жуыну бөлмесі қарастырылған.

Сонымен қатар мекемеде:

меңгеруші кабинеті;

Спрот зал

Акт зал
логопед кабинеті;

медициналық кабинет;

асхана;

кір жуу бөлмесі;

шаруашылық қоймасы жұмыс жасайды.

Материалдық-техникалық база заманауи талаптарға сай жабдықталған.
Балабақшада қауіпсіздік шаралары толық қамтамасыз етілген:



бейнебақылау камералары;



өрт қауіпсіздігі дабыл жүйесі;



ішкі дыбыстық хабарлау жүйесі орнатылған.

Балабақша ауласы

Балабақша сыртқы ауласы көгалдандырылып, ағаштар отырғызылған.
Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес түрлі ойын құралдары мен қауіпсіз ойын құрылғылары орнатылған.

Серуен алаңдарында:



көлеңкелі күркелер;



демалыс орындықтары;



қимылды ойындарға арналған жабдықтар бар.

Балалардың денсаулығын нығайту мен белсенді қозғалысын дамытуға арналған арнайы ойын алаңдары ұйымдастырылған.

Қолданыстағы құрал-жабдықтар



Теледидар – 3 дана



Ноутбук – 3 дана



Түрлі-түсті принтер – 1 дана



Принтер – 1 дана

Тәрбие жұмысының ерекшелігі

Балабақшада «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде ұлттық және рухани құндылықтарға бағытталған тәрбие жұмыстары жүргізіледі.

Әр топта:



«Кітаптар сөресі»



«Ойыншықтар бұрышы»



«Табиғат бұрышы»



«Ұлттық бұрыш»



дамытушы орталықтар ұйымдастырылған.

Ата-аналармен байланыс жұмыстарын нығайту мақсатында «Денсаулық бұрышы» мен «Қауіпсіздік ережелері» тақырыптарындағы ақпараттық папкалар орналастырылған.

Кадрлық құрамға талдау

«Индира» бөбекжай балабақшасында кадрлық құрамды қалыптастыру – білім беру сапасын қамтамасыз етудегі негізгі бағыттардың бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына және балабақша Жарғысына сәйкес педагогикалық ұжым білім беру ұйымы басшысының басшылығымен жасақталған.

Педагог қызметкерлерді жұмысқа қабылдау Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес еңбек шарты негізінде жүзеге асырылады. Балабақшада педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыруға, заманауи білім беру талаптарына сай жұмыс жүргізуіне және сапалы тәрбие мен оқыту процесін ұйымдастыруына қолайлы жағдай жасалған.

2025–2026 оқу жылында балабақшада барлығы 11 педагог қызмет атқарады. Педагогтердің құрамында жоғары және арнаулы орта білімді мамандар жұмыс істейді.

Олардың ішінде:



«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша арнаулы орта білімді педагогтер;



«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша жоғары білімді педагогтер;



«Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша жоғары білімді педагогтер;



қайта даярлау курстарынан өткен педагогтер бар.

Педагогтер тұрақты түрде біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, кәсіби шеберліктерін жетілдіруде. Сонымен қатар педагогтердің арасында «педагог-модератор», санатына ие маман бар.

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 1-қосымшасы

«Индира» бөбекжай балабақшасы

жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру қызметін бағалауға арналған өлшемшарттары

№	Бағалау өлшемшарттары	Өлшеуіштер	балдары
1	1 Тиісті бейіні бойынша жоғары және педагогикалық білімі бар педагогтердің үлесі	100%	5
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған немесе растаған педагогтердің үлесі 80%-дан төмен емес 2	80%-дан төмен емес	2
3	Үш жылда бір реттен сиретпей біліктілікті арттыру	80–90%	3

	курстарынан өткен педагогтердің үлесі		
4	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің №70 бұйрығына сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы	100%	5
5	Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар тәрбиеленушілер үшін жағдай жасау деңгейі	95–99%	4
6	Оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілу деңгейі	98%	4
7	Жас топтарының толықтырылу сәйкестігі	100%	5
8	Ата-аналар сауалнамасының нәтижелері бойынша тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттану көрсеткіші	80%-дан 100%-ға дейін	5
9	Педагогтердің сауалнамасы бойынша сапалы оқыту мен тәрбиелеуге жасалған жағдайларға қанағаттану деңгейі	80%-дан 100%-ға дейін	5

Өлшемшарттар бойынша талдау

«Индира» бөбекжай балабақшасында білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында педагог кадрлардың кәсіби біліктілігіне, материалдық-техникалық базаның жабдықталуына және тәрбиеленушілерге қолайлы орта қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді.

Балабақша педагогтері тиісті бейін бойынша жоғары педагогикалық білімге ие және жүйелі түрде біліктілікті арттыру курстарынан өтіп отырады. Сонымен қатар оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда заманауи әдістемелік құралдар мен оқу-әдістемелік кешендер кеңінен қолданылады.

Мекемеде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға жағдай жасалып, логопед маманы қызмет көрсетеді. Топтардың толықтырылуы санитарлық талаптарға сәйкес ұйымдастырылған.

Ата-аналар мен педагогтер арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері

бойынша респонденттердің басым бөлігі балабақшадағы білім беру сапасына, тәрбиелік жұмыстардың ұйымдастырылуына және қауіпсіз орта қалыптастырылуына жоғары деңгейде қанағаттанатындығын көрсетті.

Қорытынды

«Индира» бөбекжай балабақшасы білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына сәйкес оқу-тәрбие процесін сапалы ұйымдастырып, тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасап отырған мектепке дейінгі ұйым болып табылады.

Балабақша меңгерушісі:

Бейсенова.И.Е

Педагог қызметкерлердің сапалық құрамы туралы мәлімет

1. Бейсенова И.Е.

Балабақша меңгерушісі

Жоғары білімді. Мектепке дейінгі ұйымды басқару бағыты бойынша

Жұмыс өтілі – 10жыл

Санаты: педагог

«ПШО» біліктілікті арттыру курсынан өткен.

2. Рашидова Д.

«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша қайта даярлау курсынан өткен.

Жұмыс өтілі – 5 жыл

Модератор тестінен өткен.

«ПШО» біліктілікті арттыру курсынан өткен.

«Өрлеу» біліктілікті арттыру курсынан өткен.

3. Молдабек

Тәрбиеші

Жоғары білімді.

«Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша білім алған.

«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша білім алған.

Жұмыс өтілі – 2 жыл.

4. Жүсіпбекова Арайлым Маратқызы

Тәрбиеші

Орта және жоғары білімді.

«Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» мамандығы бойынша білім алып жатыр

Жұмыс өтілі – 3 жыл 5 ай.

«Өрлеу» біліктілікті арттыру курсынан өткен.

5. Бейсенова Эльмира Ерболатқызы

Тәрбиеші

Арнаулы орта білімді.

«Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» мамандығы бойынша білім алған

Қайта даярлау курсынан өткен

Жұмыс өтілі – 5 жыл.

6. Абдураимова Садугаш Конысовна

Тәрбиеші

Жоғары білімді.

«Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша білім алған.

Қайта даярлау курсынан өткен.

Жұмыс өтілі – 6 ай

«Өрлеу» біліктілікті арттыру курсынан өткен.

7. Айдарбек Бегимай

Тәрбиеші

Жоғары білімді..

«Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша білім алған.

Жұмыс өтілі – 1 жыл 5 ай

8. Тайкенова Нурила

Тәрбиеші

Жоғары білімді.

«Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» мамандығы бойынша білім алған

Жұмыс өтілі – 1 жыл 5 ай

Қорытынды

Балабақша педагог кадрлармен толық қамтамасыз етілген. Педагогтердің білім деңгейі мен кәсіби біліктілігі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарына сәйкес келеді.

Педагогтердің жеке іс-құжаттары толық жүргізілген. Құжаттар құрамында:



жеке куәлік көшірмелері;

диплом және диплом қосымшалары;

біліктілікті арттыру сертификаттары;

қайта даярлау курстарының сертификаттары бар.

Балабақша қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары бекітіліп, әр

қызметкер өз міндеттерімен таныстырылған. Педагогикалық ұжым білім беру процесін сапалы ұйымдастыруға бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізуде.

Педагогтердің сапалық құрамы туралы мәлімет

Көрсеткіш Саны

Барлық педагог саны 11

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша 4

«Бастауыш сыныпта оқыту» мамандығы бойынша 3

Басқа мамандықтар бойынша 4

Педагогтердің біліктілікті арттыру туралы мәліметі

Оқу жылы Педагог саны Пайызы

2023–2024 оқу жылы 2 30%

2024–2025 оқу жылы 4 40%

2025–2026 оқу жылы 6 60%

Тәрбиеленушілер контингенті

2025–2026 оқу жылында «Индира» бөбекжай балабақшасында 6 топ жұмыс жасайды. Топтар тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылған.

Топтар бойынша тәрбиеленушілер саны

№ Топ атауы Жас ерекшелігі Бала саны

1 Кіші топ «Ақбота» 2 жастан бастап 20

2 Орта топ «Күншуақ» 3 жастан бастап 25

3 Ересек топ «Сұңқар» 4 жастан бастап 24

4 Ересек топ «Құлыншақ» 4 жастан бастап 20

5 Мектепалды дайындық тобы «Балапан» 5 жастан бастап 19

6 Мектепалды дайындық тобы «Дарын» 5 жастан бастап 24

Жалпы тәрбиеленушілер саны: 132 бала

Топтарды жас ерекшеліктеріне қарай жинақтау

Балабақшада тәрбиеленушілер жас кезеңдеріне сәйкес топтастырылған. Топтар бір жастағы балалар қағидатына сәйкес жинақталған. Оқу-тәрбие жұмыстары қазақ тілінде жүргізіледі.

Топ атауы Оқыту тілі Тәрбиеленушілер саны Жас ерекшелігі

1. Кіші топ «Ақбота» 2 жас
2. Орта топ «Күншуақ» 3 жас
3. Ересек топ «Сұңқар» 4 жас
4. Ересек топ «Құлыншақ» 4 жас
5. Мектепалды дайындық тобы «Балапан» 5 жас
6. Мектепалды дайындық тобы «Дарын» 5 жас

Контингентке талдау

Балабақшада тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие процесі жүйелі түрде ұйымдастырылған. Топтардың толықтырылуы мектепке дейінгі ұйымдарға қойылатын санитарлық талаптар мен нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

Тәрбиеленушілерге мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес қолайлы, қауіпсіз және дамытушы орта қалыптастырылған. Оқу қызметі барысында балалардың жас ерекшеліктеріне сай ойын, танымдық, шығармашылық және тілдік дамыту жұмыстары ұйымдастырылады.

Балабақшада қазақ тілдерінде тәрбие беру арқылы тәрбиеленушілердің тілдік құзыреттілігін дамытуға ерекше көңіл бөлінеді.

Оқу-материалдық активтер

«Индира» бөбекжай балабақшасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес балалардың өмірін қорғау, денсаулығын нығайту және жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау негізгі мақсаттардың бірі болып табылады. Балабақшада әр топтың жас ерекшелігіне сай пәндік-кеңістіктік дамытушы орта ұйымдастырылған. Оқу-тәрбие процесін тиімді жүзеге асыру мақсатында топ бөлмелері қажетті жиһаздармен, ойын және оқу құралдарымен, әдістемелік көрнекіліктермен, дамытушы материалдармен толық қамтамасыз етілген.

Балабақша 2017 жылдан бастап жұмыс жасап келеді. Қазіргі таңда мекемеде 132 бала тәрбиеленуде. Балабақша жартылай жекеменшік негізде жұмыс атқарады. Тәрбие мен оқыту жұмыстары мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес ұйымдастырылған. Сонымен қатар мекемеде логопед маман қызмет көрсетеді. Балалардың дұрыс тамақтануы мен денсаулығын сақтау мақсатында күніне 4 мезгіл ыстық тамақ беріледі. Балабақшаның жұмыс уақыты — 08:00-ден 18:30-ға дейін.

Оқу-материалдық базаны нығайту барысында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес бекітілген жабдықтар мен құралдардың тізбесі негізге алынды. Балабақша топтары қажетті оқу-құралдарымен, ойыншықтармен, спорттық жабдықтармен және қауіпсіздік талаптарына сай жұмсақ модульдермен жабдықталған.

Әр топта балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес физикалық, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық және әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамытуға арналған орталықтар құрылған.

«**Ақбота**» кіші тобында балалардың қимыл-қозғалысын дамытуға арналған жұмсақ модульдер, түрлі-түсті доптар, құрсаулар, сенсорлық ойындар, қарапайым дидактикалық материалдар, саусақпен сурет салуға арналған құралдар, қауіпсіз кітаптар мен театр түрлері ұйымдастырылған. Балалардың сөйлеу тілін дамытуға арналған суретті альбомдар, дыбыстық ойыншықтар, санамақтар мен тақпақтар кеңінен қолданылады.

«**Күншуақ**» ортаңғы тобында танымдық және зияткерлік қабілеттерді дамытуға бағытталған мозаикалар, конструкторлар, санауға арналған құралдар, логикалық ойындар, шығармашылық жұмыстарға арналған түрлі материалдар қарастырылған. Сонымен қатар балалардың тіл байлығын арттыру мақсатында артикуляциялық жаттығулар, сюжетті суреттер, театрландырылған ойындар ұйымдастырылады.

«Сұңқар», «Құлыншақ» ересек топтарында балаларды мектепке дайындауға бағытталған оқу құралдары, математикалық ұғымдарды қалыптастыруға арналған материалдар, зерттеу әрекеттеріне қажетті құралдар, шығармашылық тапсырмалар жинағы, кітап бұрыштары мен театр түрлері толық қамтылған. Балалардың өз ойын еркін жеткізуіне, топпен жұмыс жасауына және әлеуметтік ортаға бейімделуіне жағдай жасалған.

«Балапан» және «Дарын» мектепалды даярлық топтарында сауат ашу, логикалық ойлау, зерттеу және шығармашылық дағдыларын дамытуға арналған заманауи құралдар орналастырылған. Топтарда сөйлейтін әліппе, математикалық ойындар, үлестірмелі материалдар, тәжірибе жасауға арналған құралдар, патриоттық тәрбиеге арналған альбомдар, табиғат бұрыштары және театр түрлері бар. Сонымен қатар балалардың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттыру мақсатында қазақ халқының салт-дәстүрлеріне арналған көрнекіліктер қойылған.

Балабақшадағы пәндік-дамытушы орта балалардың қауіпсіздігін, қызығушылығын және шығармашылық белсенділігін ескере отырып ұйымдастырылған. Барлық оқу-материалдық активтер балалардың жас ерекшеліктеріне сай таңдалып, олардың жан-жақты дамуына бағытталған.

Ақпараттық ресурстар және кітаптар қоры

«Индира» бөбекжай балабақшасында тәрбиеленушілердің білім, білік және дағдыларының даму динамикасын анықтау мақсатында үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру деңгейіне мониторинг жүргізіліп отырды. Мониторинг қыркүйек, қаңтар және мамыр айларында диагностика негізінде ұйымдастырылып, әр баланың жеке даму ерекшеліктері сараланды. Мониторинг нәтижелері педагогтардың алдағы жұмыс бағытын айқындауға және оқу-тәрбие процесінің сапасын жетілдіруге мүмкіндік берді.

Жылдық жоспарға сәйкес балабақшада 5 педагогикалық кеңес өткізілді. Сонымен қатар жоспарланған жұмыстардың орындалу сапасын анықтау мақсатында шолу, тақырыптық, салыстырмалы және жедел бақылаулар жүргізіліп, анықталған кемшіліктер бойынша түзету жұмыстары ұйымдастырылды. Балабақшаішілік бақылау нәтижелері балалардың сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорын байыту, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды күшейту қажеттігін көрсетті.

Осыған байланысты 2025–2026 оқу жылында балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, танымдық және шығармашылық дағдыларын дамытуға басымдық берілді. Жылдық міндеттер

төмендегідей бағыттар бойынша жүзеге асырылуда:

1. Балалардың негізгі қимыл-қозғалыс түрлерін меңгерту арқылы мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру, қимыл белсенділігін арттыру, ұлттық және спорттық ойын элементтері арқылы топпен әрекет етуге тәрбиелеу.
2. Балалардың белсенді сөздік қорын байыту, көркем әдебиетпен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеуді дамыту, шығармаларды бірге оқу, мазмұндау, талдау және тілдік қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.
3. Балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, өлең-тақпақтар жаттату, күн сайын кітап оқу дәстүрін қалыптастыру және кітап бұрыштарының жұмысын жандандыру.
4. Баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету мақсатында ата-аналармен тығыз байланыс орнатып, отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Қазақстан Республикасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында балабақшада рухани-адамгершілік және ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған жұмыстар тұрақты жүргізілуде. Ата-аналарды балабақша өміріне белсенді тарту мақсатында «Кітап – алтын қазына» акциясы ұйымдастырылып, «Кітап — біздің досымыз» бұрышына ата-аналар тарапынан балалар әдебиеттері сыйға тартылды. Бұл жұмыстар балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттырып, кітап қорын толықтыруға ықпал етті.

Ортаңғы топтан бастап тәрбиеленушілерге мемлекеттік тілді меңгерту жұмыстары күн тәртібіндегі барлық режимдік сәттерде жүргізіледі. Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес сөздік минимумды меңгерту, балалардың ауызекі сөйлеуін дамыту, қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрімен таныстыру, сөздік қорын байыту және қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылады.

Балабақшада күн сайын балаларға кітап оқу дәстүрі қалыптасқан. Тәрбиешілер балалардың жас ерекшеліктеріне сай көркем әдеби шығармаларды оқып беріп, иллюстрацияларды таныстырып, шығармалар бойынша әңгімелесу жұмыстарын жүргізеді. Балалар тақпақтар мен өлеңдерді жаттап, кейіпкерлердің іс-әрекеттерін ойын барысында бейнелейді. Сонымен қатар топтарда балаларға арналған кітап бұрыштары

ұйымдастырылып, кітаптарды өз бетінше қарауға, бірге оқуға және үйге уақытша пайдалануға беру жұмыстары қолға алынған.

Балабақшадағы ақпараттық ресурстар мен кітап қоры тәрбиеленушілердің танымдық қызығушылығын арттыруға, сөйлеу мәдениетін дамытуға және шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге бағытталған.

Бақылау және басшылық

«Индира» бөбекжай-балабақшасында оқу-тәрбие жұмысына бақылау жүргізу тәрбиешілердің педагогикалық қызметін тікелей қадағалау, талдау және әдістемелік көмек көрсету арқылы жүзеге асырылды. Бақылау жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылып, педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыруға, оқу-тәрбие үдерісінің сапасын жетілдіруге бағытталды.

Балабақшада бақылаудың тақырыптық және жан-жақты түрлері өткізілді. Тақырыптық бақылау барысында тәрбиешілердің белгілі бір тақырып аясындағы жұмыс жүйесі, ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізу әдіс-тәсілдері, балалармен қарым-қатынас мәдениеті мен білім беру мазмұнын меңгерту деңгейі зерттелді. Бақылау нәтижелері педагогикалық кеңестерде, меңгеруші жанындағы кеңестерде және әдістемелік кеңестерде талқыланып, тиісті ұсыныстар берілді.

2025–2026 оқу жылында «Индира» бөбекжай-балабақшасы тәрбиелеу мен білім беру қызметін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, үлгілік оқу жоспарларына және үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырды.

Өткен оқу жылында балабақша ұжымы алдына келесі мақсат-міндеттер қойылды:

денсаулық сақтау технологияларын енгізу арқылы балаларды салауатты өмір салты құндылықтарына баулу;

балалардың денсаулығын нығайту және сауықтыру шараларын жетілдіру;

шығармашылық ойлау мәдениеті мен эстетикалық талғамын дамыту;

сурет салудың дәстүрден тыс әдіс-тәсілдері арқылы балалар шығармашылығын қалыптастыру;

отбасы мен балабақша арасындағы сенімді әрі іскерлік қарым-қатынасты нығайту.

Қойылған міндеттерді іске асыру мақсатында жылдық жоспар құрылып, барлық іс-шаралар жүйелі түрде жоспарланды. Өтпелі тақырыптар негізінде перспективалық жоспарлар әзірленіп, сол жоспарларға сәйкес циклограммалар құрылды. Циклограмма балалармен жүргізілетін жұмыстардың мазмұнын, әдістері мен тәсілдерін нақтылап, оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруға бағыт берді.

Балабақша педагогтері ұйымдастырылған іс-әрекеттерді баланың қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып, ойын түрінде өткізді. Педагогтер бала үнін тыңдап, олардың ынтасын арттыруға, өз ойын еркін жеткізуіне жағдай жасауға ерекше назар аударды. Іс-әрекеттер тек топ бөлмесінде ғана емес, ойын алаңдарында да ұйымдастырылып отырды.

Ойын барысында тәрбиеленушілер өз тәжірибелерін талдауға, эмоцияларын реттеуге, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға және түрлі өмірлік дағдыларды меңгеруге үйренді. Балалардың жан-жақты дамуына қолайлы, қауіпсіз, мазмұнды және көп атқарымды заттық-кеңістік дамытушы орта қалыптастырылды. Бұл орта балалардың өз бетінше әрекет етуіне, ойын материалдарымен еркін жұмыс жасауына мүмкіндік берді. Сонымен қатар тәрбиешілер әр баланың қабілетін бақылап, жеке ерекшеліктеріне сәйкес бағыт-бағдар бере алды.

Балалардың денсаулығын нығайту және қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру мақсатында дене тәрбиесі бағытында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Атап айтқанда, тәрбиеші Т. Абдураззакова «Допты бір-біріне лақтыру» іс-шарасын өткізсе, ортаңғы топ тәрбиешілері «Доппен ойналатын ойындар» тақырыбында ашық ұйымдастырылған іс-әрекет көрсетті.

Балалардың байланыстырып сөйлеуін, дыбыстық мәдениетін, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында заманауи әдіс-тәсілдерді қолдана отырып «Тәттілер әлеміне саяхат», «Ертегілер еліне саяхат» атты іс-әрекеттер өткізілді.

Ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту мақсатында жағымды эмоционалдық орта қалыптастырылып, «Анам, бауырым және мен» атты спорттық сайыс, сондай-ақ ашық есік күндері ұйымдастырылды.

Мемлекеттік мерекелер мен атаулы күндерге арналған тәрбиелік мәні зор іс-шаралар жоғары деңгейде өткізілді. Атап айтқанда:

«Ана тілім – айбыным»;

«Берекелі алтын күз!»;

«Тәуелсіздік – тұғырым»;

«Менің анам – алтын!»;

«Ұлы Жеңіс – жасасын!»;

«Қош бол, балабақша!» атты мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылып, ата-аналар тарапынан жоғары бағаланып, алғыс білдірілді.

Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау

«Индира» бөбекжай балабақшасында тәрбиеленушілердің білім, білік және дағдыларының даму деңгейін бақылау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласына арналған нормативтік құжаттары мен әдістемелік ұсынымдары негізінде жүзеге асырылады. Балалардың даму мониторингі «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы әзірлеген Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу жөніндегі әдістемелік нұсқаулыққа сәйкес ұйымдастырылды.

Мониторинг барысында баланың жас ерекшелігіне сай даму деңгейі үш көрсеткіш бойынша бағаланды. Диагностикалық жұмыстар тәрбиешілер, педагог мамандар және логопедтің бірлескен жұмысы арқылы жүргізіліп, әр баланың жеке даму ерекшеліктері ескерілді. Бастапқы бақылау қыркүйек айында, аралық бақылау қаңтар айында, қорытынды бақылау мамыр айында өткізілді.

2023–2024, 2024–2025 және 2025–2026 оқу жылдары бойынша тәрбиеленушілердің білік және дағды деңгейлерінің мониторинг нәтижелері қағаз және электронды нұсқада жинақталған. Бақылау нәтижелеріне сәйкес әр балаға жеке даму картасы толтырылып, баланың танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік және физикалық даму көрсеткіштері жүйелі түрде сараланып отырды.

Диагностика қорытындысы бойынша балалардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, байланыстырып сөйлеуін дамыту, сөздік қорын молайту, дыбыстарды анық әрі таза айтуға үйрету бағытындағы жұмыстарға басымдық берілді. Сонымен қатар балалардың эмоционалдық тұрақтылығын, әлеуметтік ортаға бейімделуін, шығармашылық қабілеттерін және танымдық қызығушылықтарын дамыту мақсатында жүйелі жұмыстар ұйымдастырылды.

Білім беру процесіне қатысушылар

Балабақшада ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар оқу-тәрбие процесінің маңызды бөлігі болып табылады. Ата-аналармен жұмыс бірнеше бағытта жүзеге асырылады:

ұйымдастырушылық бағытта ата-аналарды оқу-тәрбие процесіне тарту, ата-аналар комитеті мен түрлі іс-шараларға қатыстыру;

ақпараттық-ағартушылық бағытта балабақша қызметі туралы ақпарат беру, педагогикалық кеңестер ұйымдастыру, жеке консультациялар өткізу;

ұйымдастырушылық-педагогикалық бағытта ата-аналарды балалармен бірлескен шығармашылық, спорттық және сауықтыру шараларына қатыстыру;

ата-аналардың әлеуметтік карталарын әзірлеу және отбасы жағдайын ескере отырып педагогикалық қолдау көрсету.

2025–2026 оқу жылында ата-аналардың білім беру мазмұнына белсенді қатысуын арттыру мақсатында сауалнамалар жүргізіліп, нәтижелері сарапталды. Зерттеу нәтижелері бойынша ата-аналармен өзара ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған жұмыстар жалғастырылуда.

Балабақша ұжымы қазіргі таңда білім беру жүйесіне енгізіліп жатқан заманауи педагогикалық технологияларды кезең-кезеңімен тәжірибеге енгізуде. Атап айтқанда, ынтымақтастық педагогикасы, ойын арқылы оқыту, сын тұрғысынан ойлау технологиясы, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және дамыта оқыту әдістері қолданылуда. Осы бағытта педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында әдістемелік кеңестер, тәжірибе алмасу, ашық оқу қызметтері мен шеберлік сыныптары ұйымдастырылып келеді.

Педагогтардың озық тәжірибелерін жинақтау, тарату және тәжірибеде қолдану жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Сонымен қатар педагогтардың АКТ құралдарын еркін меңгеруіне жағдай жасау мақсатында алдағы уақытта жоспарлы жұмыстар ұйымдастыру көзделген.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Индира» бөбекжай балабақшасының оқу-тәрбие жұмыстары Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, үлгілік оқу жоспары және үлгілік оқу бағдарламалары негізінде жүзеге асырылуда.

Балабақшада тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына, денсаулығын нығайтуға, қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді. Педагогикалық ұжым заманауи білім беру технологияларын тиімді пайдалана отырып, балалардың шығармашылық, танымдық және әлеуметтік дағдыларын дамыту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізуде. Сонымен қатар ұлттық құндылықтарды дәріптеу, отансүйгіштік сезімді қалыптастыру, қазақ халқының мәдениеті мен салт-дәстүрлерін насихаттау бағытындағы жұмыстар тұрақты түрде ұйымдастырылады.

Өзін-өзі бағалау нәтижесінде келесі ұсыныстар енгізілді:

педагогтарға тәрбиеленушілердің даму көрсеткіштерін дұрыс сараптау бойынша әдістемелік кеңестер өткізу;

ұйымдастырылған іс-әрекет барысында балалардың түрлі материалдармен жұмыс жасауға қызығушылығын арттыру;

тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында байқаулар мен конкурстарға қатысуын ұйымдастыру;

педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыруға бағытталған тәжірибе алмасу жұмыстарын күшейту.

Қорытындылай келе, «Индира» бөбекжай балабақшасының білім беру қызметі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарына сәйкес келеді және оқу-тәрбие жұмыстарының сапасы «жақсы» деңгейде деп бағаланады.

**Түркістан облысының білім басқармасының Түркістан қаласы
білім бөлімінің «Индира» бөбекжай балабақшасы
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

Бұйрық №1

Түркістан
қаласы

06.01.2026ж

Түркістан қаласы білім бөлімінің «Индира» бөбекжай балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2026 жылы айының 26-31 аралығында өзін-өзі бағалаудан өткізу туралы БҰЙЫРАМЫН:

1.Түркістан облысының білім басқармасының Түркістан қаласы білім бөлімінің «Индира» бөбекжай балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2026 жылы қаңтар айының 26-31 аралығында өзін-өзі бағалаудан өткізілсін.

2. «Индира» бөбекжай балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Түркістан облысы білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2025 жылғы 07 қарашадағы №1632 бұйрығын басшылыққа ала отырып Қазақстан Республикасы Заңының 59 бабының 15 тармақ 12 тармақшасына сәйкес 2026 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауды өткізуге байланысты өзін-өзі бағалау мақсатында комиссия құрамы бекітілсін.

3.Комиссия мүшелері: Бейсенова.И.Е балабақша меңгерушісі

Комиссия мүшелері: Бейсенова Э.Е–әдіскер

Тәрбиешілер: Абдураимова.С.К,Молдабек.А

4.Бөбекжай балабақшаның өзін-өзі бағалау бойынша құжаттар білім саласындағы

сапаны қамтамасыз ету департаментіне жолдансын.

5.Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өз құзыретіме аламын.

Балабақша меңгерушісі:

Бейсенова.И.Е.

